Серуендеу	Ұшатын құстарға бақылау Мақсаты: Балаларға құстар жайында біледі. Құстардың тіршілігімен танысады. Еңбек: Ауладағы қоқыстарды тазартады. Үлкендерге көмектеседі Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасап үйренеді. Дидактикалық ойын: «Ақ серек пен көк серек» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды Еркін ойындар	Бұлтты бақылау Мақсаты: Балалар бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылайды, әңгімелейді. Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинайды. Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасап үйренеді. Үлкендердің еңбегін бағалайды: Дидактикалық ойын: «Жалауға қарай жүгір» Мақсаты: Жылдам жүгіруді үйренеді Еркін ойындар	Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылайды, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелейді. Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинайды. Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасап үйренеді. Үлкендердің еңбегін бағалайды. Дидактикалық ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: Ойлау қабілеттері дамиды	Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балалар жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айтады. Олардың түстерін атайды. Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалайды. Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасап үйренеді. Дидактикалық ойын: «Жалауға қарай жүгір» Мақсаты: Жылдам жүгіруді үйренеді	Күз мезгілінде желді бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айтады. Балалардың тілі дамиды Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинайды. Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасап үйренеді. Балалар өз еріктерімен еркін ойындар ойнайды
Серуеннен оралу	Серуеннен топқа оралады. Серуеннен келген соң, аяқты сүртеді. Реттілікпен киімдерін шешеді, өз шкафтарына киімдерін салады, жинап қояды. Беті қолдарын жуады, сүргінеді.				
Түскі ас	Өз бетімен кезекшілік міндетті жауапкершілікпен атқарады, үстелді толық жабдықтайды. Балалар назарын тағамға аударады,				

	тамақтарын реттілігімен тауысып ішеді. «Аспазшы апайларға рахмет!» айтып, жылы лебіздерін білдіреді. Бата беріп, ас қайтарады. Тамақтан соң ауыздарын шаяды.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Электронды «Ақ қоянды» қолданып, баяу музыка тыңдайды.	Мөлдір Әуелбекованың «Балапаным» әнін тыңдайды.	Аудио ертегілер тыңдайды.	Тыныштықты сақтап «Бесік жыры» әнін тыңдайды.	«Арманшыл балақай» әдісімен балалар көздерін жұмып, арман ұйықтайды.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Көңілді музыка әуенімен балаларды біртіндеп ұйқыларынан оянады. Төсекте кім тәтті ұйықтаған Тұру керек енді оған Біз енді оны күте алмаймыз Тездетпесе жаттығуға Арқанды түзу ұстап алып Мұрнынмен терең тыныс алып- жаттығуды бастайды				
	Жалпы дене жаттығулары. 1) Арқаға арналған «Ауа - райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әртүрлі массаждар жасайды. 2) Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жаттығулар жасайды.	Алақан мен аяққа арналған жаттығулар. 1) Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуын жасайды. Тікенек допты алақанға салып, айналдырады. 2) Табанға арналған жаттығу жасайды 3) Бақайға арналған жаттығу жасайды	Нүктелі массаж. А) Тамақ ауырмау үшін, қолымен тамақтарын жоғары - төмен уқалайды Б) Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусақтарымен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейді. В) Қолдарын маңдайларына қойып уқалайды.	Кедір - бұдыр жолдармен жүріп отырады.	Төсек үсті жаттығуларын жасайды.
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін біледі. Тамақ ішкенде шашып төкпейді. Үлкендер еңбегін бағалауды үйренеді. Өз өзіне қызмет етеді. «Аспазшы апайларға рахмет» жылы лебіздерін айтады. Бата беріп, ас қайтарады. Тамақтан соң ауыздарын шаяды.				
Вариативтік компонентте р, ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент Ұлттық қазына	Дидактикалық ойын: «Нені көрсетсем, соны тап» Мақсаты: балалардың тіл байлығын жетілдіру, елестету қабілеттерін дамыту. Ойын мазмұны: бір баланын көзін байлап,	Дидактикалық ойын: ақырыбы: «Апта күндері» Мақсаты: «Апта күндері» ойынының ойнатып, өткенді еске түсіру. Апта күндеріні аттарын жаттату.	Вариативтік компонент Экологиялық соқпақ	Қимылды ойын ойын: «Жалауға қарай жүгір» Мақсаты: Жылдам жүгіруді үйренеді

		алдыға шығарып, отырған балаларға көкөністі көрсетеді			
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Абдолла мен Айарумен Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйретеді.	Жеке баламен жұмыс: Дарина мен Аруна Еркін тақырыпта сурет Мақсаты: Өз ойларынан сурет сала білуді дағдыландырады..	Жеке баламен жұмыс: Айдын мен Шұғыла «Жаңылтпаштар» Мақсаты: Айтылған жаңылтпаштарды жаңылмай айтып беруге үйретеді.	Жеке баламен жұмыс: Алимансур мен Айдын «Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландырады.	Жеке баламен жұмыс: Даулетхан мен Мерей «Кел санайық санамақ» санамақ жаттау. Мақсаты: Есте сақтау қабілеті дамиды
Серуенге дайындық	Балалар өз шкафтарынан киімдерін алады. Сыртқы киімдерін киеді. Достарына киінуге көмектеседі. Далаға серуенге шығады.				
Серуен.	Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесіп, педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын ойнайды және балалар өз қалаулары бойынша бойынша еркін ойындар ойнайды				
Балалардың үйге қайтуы.	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: Балалардың шығармашылықта жасаған жұмыстарын әңгімелеу	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: Күз мезгілінің, ауа райының салқындауына байланысты балаларды жылы киіндірулерін айту	Ата-аналармен жұмыс: Балалардың тазалықтарына көңіл бөлулерін айту

ЕРЕСЕКТЕР «Ақбота» ТОБЫНЫҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Сәуір айы. Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»

ІІІ апта 12.04 - 16.04.2020 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Ата- аналармен , балалармен амандасып, жылы жүзбен қарсы аламын. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, тазалағын, қызуын өлшеп ,денсаулығын тексеріп қабылдаймын. Демелыс күндерін қалай өткізгендерін сұраймын. Жағымды жағдайлар орнатамын.				
Ойындар	Дидактикалық ойын: Тез жауап бер.» Ойын мақсаты: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыланады.	Дидактикалық ойын: «Қажетті суретті тап»Мақсаты: Логикалық ойлауға үйренеді, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіріп қай кезде, не істелетінін айтуға үйренеді.	Дидактикалық ойын: Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта біледі.	«Дұрыс сана» Мақсаты: 1-ден 5-ке дейінгі сандар қатарын сөзбен дұрыс айтай білуге үйреніп, қанша? неше? деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйренеді. Мысалы: Менде бір машина. Менде он саусак.	Дидактикалық ойын: «Қарама – қарсы сөздер». Мақсаты: Балаларойынды ойнай отырып, қарама-қарсы сөздерді дұрыс тауып айтуды үйренеді. Тілдерін және ойлау қабілеттері дамиды.
Таңертеңгі гимнастика.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады Сәуір айына арналған жаттығулар кешені № 3				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Асхана құралдарын дұрыс пайдалануды, үстел басында отыру мәдениетін қалыптастырамын. Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалаймын. Бата қайыру рәсімдерін үйренеді.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Дидактикалық ойын: «Тез жауап бер» Мақсаты: Балалар құстар, жәндіктер, балықтар, аңдар туралы атай алады.	Дидактикалық ойын: Ойын «Не арттық» Мақсаты: Балаларды не арттық? сұраққа жауап беруге үйренеді.	Дидактикалық ойын: «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап» Мақсаты: Балалар ойын арқылы мамандықты дұрыс тауып, айтып бере алады. Үлкендердің еңбектеріне қызығушылық танытады.	Дидактикалық ойын: Жабайы құстар Мақсаты: Балалар жабайы құстарының ерекшелігі туралы, оларға қамқор болуға тәрбиеленеді.	Дидактикалық ойын: «Құстар» Мақсаты: Құстарды ажыратып атай біледі

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйдастырылған оқу қызметі	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қосмекендер» Мақсаты: Қосмекенділердің түрлерін ажыратып, атауды үйрету. Құрылысымен таныстыру Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, үлестірмелі карточкалар. Дидактикалық ойын: «Жәндік пе, қосмекенді ме?» Күтілетін нәтиже: Жәндіктердің және қосмекенділердің атын атай білді.	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндерді санау» Мақсаты: Геометриялық пішін -үшбұрышты тану және атау, пішіннің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. Әдіс-тәсілі: ашық сұрақтар, бақылау, ойын, ашық сұрақтар, жабық сұрақтар, бақылау. Көрнекі құралдары: Сандар, ойыншықтар, үлестірмелі карточкалар, тақырыпқа байланысты суреттер Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» Күтілетін нәтиже: геометриялық пішіндерді ажыратты және атады.	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа туралы ертегі» Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіне отырып бірге жұмыс жасайды. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасап, Құмырсқаның еңбекқорлығын әңгімелейді. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Өз орнын тап?» Дидактикалық ойын: «Досыңа көмектес» Күтілетін нәтиже: Ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажыратты. Сурет салу салу Тақырыбы: «Тасбақа» Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын	Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат бұрышы» Мақсаты: Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) ажыратып, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсініктер қалыптастырады. Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: суреттері, слайд, ноутбук, теледидар Дидактикалық ойын: «Құмырсқаның илеуі» Күтілетін нәтиже: Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) ажыратып, кейбір жәндіктер туралы білді. Жапсыру Тақырыбы: «Ғажап көбелектер» Мақсаты: Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылық танытады. Әдіс тәсілі: ойын технологиясы, кері	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ауыл шаруашылығындағы ересектер еңбегі» Мақсаты: Ауыл шаруашылығын дағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Ауыл шаруашылығы жұмысшылары еңбегінің мәнін түсіну (қала мен ауылдың байланысы), диханның еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?» Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар. Күтілетін нәтиже: Ауыл шаруашылығын дағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптасты..
---	--	---	--	---	---

			жетілдіреді. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, ойын-тапсырмалар, түсіндіру, әңгімелесу Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, үлестірмелі карточкалар, ақ парақ, бояу Дидактикалық ойын: «Ұшты, ұшты» Күтілетін нәтиже: дайын аққаланың суретін сұқ саусақ көмегімен бояды. Дәстүрлен тыс техникаға қызығушылығы артты.	байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар Дидактикалық ойын: «Құстар қоры» Күтілетін нәтиже: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді құрастыра алады.	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалар серуенге деген қызығушылықпен қарай біледі. Балалар өз киімдерін реттілігімен дұрыс киінеді, достарына көмектеседі. Балалар таза ауада табиғатты тамашалап, еңбекке баулиды. Серуенде жанама бақылау жүргізіледі.				
Серуен	Балаларды серуенге шығару. Көліктерді бақылау. Мақсаты: Көліктер мен жолда жүру ережелерін біледі. Еңбек: Ауланы бірлесе отырып тазалайды, еңбекке деген қызығушылығы артады. Дидактикалық ойын: «Өрмекші мен шыбын» Әуен ойнағанда	Балаларды серуенге шығару Ауладағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы білімдерін, оларды ажыратып, атай біледі. Еңбек: Балабақша ауласына құстарға жем салғыш жасап іледі. Мақсаты: Еңбек әрекетін орындауға үйренеді, қамқорлық жасау дағдыларына ие. Дидактикалық ойын: «Ұшады, секіреді, жүзеді	Балаларды серуенге шығару Ауа райын бақылау. Жеке жұмыс: күн салқын болғанда қалай киініп жүру керек екенін біледі. Еңбек: Алаңды тазалау, кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: Еңбек сүйгіштік қасиеттер қалыптасты, кішкентайларға көмектесе біледі. Дидактикалық ойын: «Түлкі мен қояндар»	Балаларды серуенге шығару. Күн жылуы мен жарық көзі. Мақсаты: Күн жарық және жылу көзі екені туралы түсініктері қалыптасады, ойлау, талқылау дағдылары дамиды. Еңбек: Алаңды тазалау, кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: Еңбек сүйгіштік қасиеттер қалыптасты, кішкентайларға көмектесе біледі. Дидактикалық ойын: «Допты ұста»	Балаларды серуенге шығару. Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау Мақсаты: Табиғат өзгерістері, күн туралы түсінеді (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы, күн ашак, бірақ жылытпайды). Еңбек: Ауланы бірлесе отырып тазалайды, еңбекке деген қызығушылығы артады.

	шыбындар ызылдап ұша бастайды. Әуен тоқтағанда шыбындар қатып қалады, ал өрмекші қозғалған шыбындарды аңдып, ұстауға шығады.	» Мақсаты: Балалар жүгіруге алады. құстардың, аңдардың аттарын есте сақтайды.	Мақсаты: Жануарлардың мінез-құлқын ажырата біледі.	Мақсаты: Қағып алуға және келесі балаға дәлдеп лақтыра біледі.	Дидактикалық ойын: «Жұбынды қуып жет» Мақсаты: Кедергіден өтіп жүгіруге жаттығады.
Серуеннен оралу	Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. (киімдерін ретімен шешіп, өз шкафтарына ретімен орналастыру, достарының киімдерін шешінуіне көмектесіп, киімдері су болған жағдайда кептіруге үйрету) Мәдени-гигиеналық дағдыларды өздігінен атқару қабілеттерін қалыптастырып тазалыққа баулу (қолды дұрыс таза жууға, құрғатып сүртуге үйрету)				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын. Балаларға үстел үстінде отыру мәдениеті мен этика ережелерін қалыптастыруды жалғастыру. (таза және ұқыпты тамақтануға, қасық, кесе, сүлгіні дұрыс, орынды қолдануға, тамақтану кезінде сөйлемеуге, ас ішіп болған соң рахмет айтуға үйрету). Бата беріп, ас қайыру.				
Түскі ұйқы	Балаларға ертегі оқып беру, жағымды әуендер тыңдату. Ұйқыларының тыныш болуына жағыдайлар жасалады..				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Хатка-йога жаттығуларын жасау. Мәдени гигиеналық шараларын орындау. Ауыз шаюды ұйымдастырады.				
Бесін ас	Астарың дәмді болсын. Балаларға үстел үстінде отыру мәдениеті мен этика ережелерін қалыптастыруды жалғастыру. (таза және ұқыпты тамақтануға, қасық, кесе, сүлгіні дұрыс, орынды қолдануға, тамақтану кезінде сөйлемеуге, ас ішіп болған соң рахмет айтуға үйрету). Бата беріп, ас қайыру.				
Топтағы еңбек	Вариативтік компонент Ұлттық қазына	Дидактикалық ойын: «Тез жауап бер» Мақсаты: Балалар құстар, жәндіктер, балықтар, аңдар туралы атай алады.	Дидактикалық ойын: Ойын «Не арттық» Мақсаты: Балаларды не арттық? сұраққа жауап беруге үйренеді.	Вариативтік компонент Экологиялық соқпақ	Еркін ойын: «Дүкен» Мақсаты: Балалар дүкендегі ойыншықтар туралы түсінік қалыптастырады, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор бола біледі, жауапкершілік сезімдерін қалыптастырады.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Инжу мен Мерейге Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Айару мен Сырғалымға Еркін тақырыпта сурет Мақсаты: Өз ойларынан сурет сала білуді дағдыландыру.	Жеке баламен жұмыс: Айзере мен Асылжан «Жаңылтпаштар» Мақсаты: Айтылған жаңылтпаштарды жаңылмай айтып беруге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Дидар мен Талшын «Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Дарина мен Айзере «Кел санайық санамақ» санамақ жаттау. Мақсаты: Есте сақтау қабілеті дамиды
Серуенге дайындық	Серуенге шығу.Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту.(өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Дидактикалық ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: Ойын ережесін сақтап ойнауға үйренеді.	Дидактикалық ойын: «Құстар қалай ұшады?» Мақсаты: Белгілі бағытқа жүгіруге жаттығады.	Дидактикалық ойын: «Допты ұста» Мақсаты: Қағып алуға және келесі балаға дәлдеп лақтыра біледі.	Дидактикалық ойын: «Бақалар» Мақсаты: Мәтіннің мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйренеді.	Дидактикалық ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйренеді
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелеседі.	Ата-аналармен жұмыс: Балалардың шығармашылықта жасаған жұмыстарын әңгімелеседі	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелеседі..	Мебике ата аналарға «Тұмаудан сақтанайық» тақырыбында паракшалар таратады, кеңес береді	Ата-аналармен жұмыс: Балалардың тазалықтарына көңіл бөлулерін айтады

ЕРЕСЕКТЕР «Ақбота» ТОБЫНЫҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Сәуір айы. Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»

IV апта 19.04 - 23.04.2020 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
--------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Үйде балаларына үй жиһаздары туралы шағын әңгімелер құрастырып айтып беру жөнінде әңгімелесу. « Ыдыстар мен жиһаздар не үшін қажет екені туралы » балаларға айтып түсіндіру жөнінде әңгімелесу. Балалардың сөз қорларына « жиһаз » сөзін айтып үйрету жөнінде әңгімелесу. Балаларға жиһаздар туралы жұмбақтардың жауабын тауып, логикалық ойлануына мүмкіндік жасау жөнінде әңгімелесу. Үйлеріндегі жиһаздардың бөліктерін дұрыс үйрету жөнінде әңгімелесу.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Құрылымдалған ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: « Жеке- жеке атын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ)(алма, алмұрт, т.б.-жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: « Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Таңертеңгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады Сәуір айына арналған жаттығулар кешені № 4				
Таңғы ас	Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру.				
Ойын, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету: Айгүл бөлмеге кіріп, шырындықойды.(үстел үстіне)	Дидактикалық ойын: «Доппен ойын» Мақсаты: Жиһаз атауларына қарама-қарсы сөздерді айтуға үйрету. Мыс: үлкен орындық-кішкентай орындық; Жұмсақ диван-қатты диван...	«Ағаш шебері» өлеңі Бұрқыратып иісін Тақтай тілем ағаштан Безендірем үй ішін Жабдықтармен жарасқан Болсын берік, көрікті Пәтерлердің жасауы Соған лайық ең мықты Келер жиһаз жасағым Мақсаты: Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру.	Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты: Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру. Мыс: шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан....	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы және маңайындағы өсімдіктер» Мақсаты: Арам шөптерді	Музыка Маман жоспары бойынша

	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктемгі табиғат» Мақсаты: Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін артады. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіреді. Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Еңбек етсең » Күтілетін нәтиже: Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қоланады. Музыка Маман жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: «Санау» Мақсаты: Заттардың санын салыстыруға үйрету, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен танысады. Әдіс тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Қанша өзгешелік бар?» Күтілетін нәтиже:5 дейінгі сандарды атайды. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап береді	Көркем әдебиет Тақырыбы: Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» Мақсаты: Көркем шығармалардың суреттерімен таныстыру, кейбір көркем шығармалар жанрын(әңгіме, өлең, ертегі)ажырату Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» Ойын шарты: сөйлемді аяқтаулары тиіс. Күтілетін нәтиже: кейбір көркем шығармалар жанрын(әңгіме, өлең, ертегі) ажыратты Сурет салу Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін,	жұлу арқылы оларға күтім жасау дағдылары қалыптасады. Әдіс- тәсілі: Ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар Күтілетін нәтиже: Өсімдіктер туралы біледі.. Қарапайым тәжірибелерді жүргізе алады. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоңыз» Мақсаты: Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндейді. Дидактикалық ойын: «Мейірімді қоңыз» Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: Құстардың суреттері, ермексаз, тақтайша, ноутбук, теледидар. Күтілетін нәтиже:	
--	--	---	---	---	--

			түсін ескере отырып салуды үйренеді. Әдіс тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар Дидактикалық ойын: «Құстарға ұя жасаймыз» Күтілетін нәтиже: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуды үйренді	Жаңғыртады: Тұтас бөліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мүсіндей білді. Өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастырды Кескішпен түрлі безендірулер жасай білді Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!» Мақаты: Ептілікке, қиялдай білуге, ойлай білуге, дәлелдей білуге үйренеді.	
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. Дидактикалық ойын: «Қарлығаш» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Кіші топ балаларының іс-әрекетін бақылау. Мақсаты: Кішіге қамқор болуға, тату ойнауға үйрету. Еңбек: Кіші топ балаларына өз учаскесіндегі жапырақтарды жинауға көмектесу Үстел үсті ойыны: дар: «Кім жылдам» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік қорларын дамыту. Еңбек: Өз учаскемізді тазалау Үстел үсті ойындар: «Мысық пен тышқан» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) Мақсаты: Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту. Еңбек: Ағаштың бұтақтарын жинау. Дидактикалық ойын: «Өз жұбынды тап» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту Еңбек: Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау Дидактикалық ойын: «Орамал тастау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. 2 Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет) 3 Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . 10 сек Мысықтың құйрығы тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға құйрық сияқты тербелу ақырын сосын жылдам.				
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент Ұлттық қазына	Үстел үсті ойыны: «Жиһаздарды орналастыр» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	Дидактикалық ойын: «Құстар қоры»	Вариативтік компонент Экологиялық соқпақ	«Жиһаз» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Жиһаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Жансерік пен Алиге Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Даулетханға Еркін тақырыпта сурет Мақсаты: Өз ойларынан сурет сала білуді дағдыландыру.	Жеке баламен жұмыс: Көркем мен Абдоллоға «Жаңылтпаштар» Мақсаты: Айтылған жаңылтпаштарды жаңылмай айтып беруге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Аруна мен Айдын «Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Мансур мен Айзереге «Кел санайық санамақ» санамақ жаттау. Мақсаты: Есте сақтау қабілеті дамиды
Серуенге	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін				

дайындық	қадағалау.				
Серуен	Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгімелесу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Тәрбиеші: Ата -аналарға кеңес: Үйге берілген күз туралы тақпақтарды балалармен бірігіп жатқа айту керектігін тапсыру.	Тәрбиеші: Психолог кеңесі: Ата –аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру	Тәрбиеші: Медбикенің кеңесі: Ата- анаға балалардың денсаулығына баса назар аударып,тұмау жайлы кеңес беру	Тәрбиеші: Баласының балабақшада не үйренгенін сұрап, қадағалауларын тапсыру.	Тәрбиеші: Ата- аналарға балабақшадан балаларын себепсіз қалдырмауды ескерту.

ЕРЕСЕКТЕР «Ақбота» ТОБЫНЫҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ
Сәуір айы. Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»
V апта 26.04 - 30.04.2020 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Үйде балаларына үй жиһаздары туралы шағын әңгімелер құрастырып айтып беру жөнінде әңгімелесу. « Ыдыстар мен жиһаздар не үшін қажет екені туралы » балаларға айтып түсіндіру жөнінде әңгімелесу. Балалардың сөз қорларына « жиһаз » сөзін айтып үйрету жөнінде әңгімелесу. Балаларға жиһаздар туралы жұмбақтардың жауабын тауып, логикалық ойлануына мүмкіндік жасау жөнінде әңгімелесу. Үйлеріндегі жиһаздардың бөліктерін дұрыс үйрету жөнінде әңгімелесу.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Құрылымдалған ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: « Жеке- жеке атын ата» (кесе, қасық т.б. ыдыс-аяк) (алма, алмұрт, т.б.- жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: « Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Таңертеңгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады Сәуір айына арналған жаттығулар кешені № 4				
Таңғы ас	Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру.				
Ойын, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету: Айгүл бөлмеге кіріп, шырындықойды.(үстел үстіне)	Дидактикалық ойын: «Доппен ойын» Мақсаты: Жиһаз атауларына қарама-қарсы сөздерді айтуға үйрету. Мыс: үлкен орындық-кішкентай орындық; Жұмсақ диван-қатты диван...	«Ағаш шебері» өлеңі Бұрқыратып иісін Тақтай тілем ағаштан Безендірем үй ішін Жабдықтармен жарасқан Болсын берік, көрікті Пәтерлердің жасауы Соған лайық ең мықты Келер жиһаз жасағым Мақсаты: Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру.	Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты: Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру. Мыс: шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан....	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктемгі табиғат» Мақсаты: Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін артады. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіреді. Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Математика негіздері Тақырыбы: «Санау» Мақсаты: Заттардың санын салыстыруға үйрету, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен танысады. Әдіс тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын:	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Көркем әдебиет Тақырыбы: Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» Мақсаты: Көркем шығармалардың суреттерімен таныстыру, кейбір көркем шығармалар жанрын(әңгіме, өлең, ертегі)ажырату Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты	Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы және маңайындағы өсімдіктер» Мақсаты: Арам шөптерді жұлуды арқылы оларға күтім жасау дағдылары қалыптасады. Әдіс- тәсілі: Ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер, бейне ролик, ноутбук, теледидар Күтілетін нәтиже: Өсімдіктер туралы біледі. Қарапайым тәжірибелерді жүргізе алады.	Музыка Маман жоспары бойынша

	байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Еңбек етсең » Күтілетін нәтиже: Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қоланады. Музыка Маман жоспары бойынша	«Қанша өзгешелік бар?» Күтілетін нәтиже:5 дейінгі сандарды атайды. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап береді	үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» Ойын шарты: сөйлемді аяқтаулары тиіс. Күтілетін нәтиже: кейбір көркем шығармалар жанрын(әңгіме, өлең, ертегі) ажыратты Сурет салу Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуды үйренеді. Әдіс тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар Дидактикалық ойын: «Құстарға ұя жасаймыз» Күтілетін нәтиже: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін	Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоңыз» Мақсаты: Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндейді. Дидактикалық ойын: «Мейірімді қоңыз» Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрнекілік, ойын-тапсырмалар, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: Құстардың суреттері, ермексаз, тақтайша, ноутбук, теледидар. Күтілетін нәтиже: Жаңғыртады:Тұтас бөліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мүсіндей білді. Өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастырды Кескішпен түрлі безендірулер жасай білді Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!» Мақаты:Ептілікке, қиялдай білуге, ойлай білуге, дәлелдей білуге үйренеді.	
--	---	--	---	--	--

			ескере отырып салуды үйренді		
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. Дидактикалық ойын: «Қарлығаш» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Кіші топ балаларының іс-әрекетін бақылау. Мақсаты: Кішіге қамқор болуға, тату ойнауға үйрету. Еңбек: Кіші топ балаларына өз учаскесіндегі жапырақтарды жинауға көмектесу Үстел үсті ойыны: дар: «Кім жылдам» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік қорларын дамыту. Еңбек: Өз учаскемізді тазалау Үстел үсті ойыны: дар: «Мысық пен тышқан» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) Мақсаты: Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту. Еңбек: Ағаштың бұтақтарын жинау. Дидактикалық ойын: «Өз жұбынды тап» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Бақылау: Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту Еңбек: Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау Дидактикалық ойын: «Орамал тастау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. 2 Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет) 3 Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . 10 сек				

	Мысықтың құйрығы тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға құйрық сияқты тербелу ақырын сосын жылдам.				
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент Ұлттық қазына	Үстел үсті ойыны: «Жиһаздарды орналастыр» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	Дидактикалық ойын: «Құстар қоры»	Вариативтік компонент Экологиялық соқпақ	«Жиһаз» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Жиһаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Шұғыла мен Айзереге Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Дарина мен Арунаға Еркін тақырыпта сурет Мақсаты: Өз ойларынан сурет сала білуді дағдыландыру.	Жеке баламен жұмыс: Айзере мен Мерейге «Жаңылтпаштар» Мақсаты: Айтылған жаңылтпаштарды жаңылмай айтып беруге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Көркем мен Айару «Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Інжу мен Диар «Кел санайық санамақ» санамақ жаттау. Мақсаты: Есте сақтау қабілеті дамиды
Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.				
Серуен	Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгімелесу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Тәрбиеші: Ата -аналарға кеңес: Үйге берілген күз туралы тақпақтарды балалармен бірігіп жатқа айту керектігін тапсыру.	Тәрбиеші: Психолог кеңесі: Ата –аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру	Тәрбиеші: Медбикенің кеңесі:Ата- анаға балалардың денсаулығына баса назар аударып,тұмау жайлы кеңес беру	Тәрбиеші: Баласының балабақшада не үйренгенін сұрап, қадағалауларын тапсыру.	Тәрбиеші: Ата- аналарға балабақшадан балаларын себепсіз қалдырмауды ескерту.

ЕРЕСЕКТЕР «Ақбота» ТОБЫНЫҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ
Мамыр айы. Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін »
I апта 03.05 - 07.05.2020 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Қабылдау ережелері, демелыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу; Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу; Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу; Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу; Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)		Құрылыс ойындары: «Үй» құрастыру, тату ойнауға үйрету.	«Менің отбасым» картина топтамасынан суреттер қарастыру	Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.	«Сөйлемей көрейікші» ойыны (үндемес)
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады Мамыр айына арналған жаттығулар кешені № 1				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық		Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет» отбасы мүшелеріне қажетті заттардың суреттерін ажыратып атау	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелеу	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Жеміс жидектерді ажырату	Әңгімелесу: Күз келді
Ұйымдастыр		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Жаратылыстану	Музыка

ылған оқу қызметтері		Маман жоспары бойынша Математика негіздері Тақырыбы: «Уақыт» Мақсаты: Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктері жетіледі .5-ке дейін тура және кері санауды біледі. Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,ноутбук, теледидар. Дидактикалық ойын: «Киімінде қандай пішін бар?» Күтілетін нәтиже: пішіндерді ажыра алды.	Маман жоспары бойынша Көркем әдебиет Тақырыбы: «Достық» Мақсаты: Шығарма мен өлеңді ажырата біліп, көркем шығармада түрлі өмірлік жағдаяттар:мереке, өмірден алынған күлкілі және байсалды үзінділер бейнелеуі мүмкін екендігін түсіне біледі. Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтартүсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик,АКТ Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» Күтілетін нәтиже: Отбасы» деген сөздің мағанасын түсінді, Олардың еңбегін бағалайды Сурет салу салу Маман жоспары бойынша Тақырыбы: «Достық шаңырағы» Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-коданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. 2-3 элементтерді	Тақырыбы: «Кесіртке қайда мекендейді?» Мақсаты: Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен танысады Әдіс –тәсілі: ойын технологиясы, кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, үлгі көрсету, әңгімелеу, түсіндіру. Көрнекі құралдары: тақырыпқа байланысты үлгі суреттер,бейне ролик, теледидар. Дидактикалық ойын: «Топтастыр» Күтілетін нәтиже: Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен танысты. Жапсыру Тақырыбы: «Қайық» Мақсаты: Сәндік композицияларды өз ойынша орындайды. Қиялдары дамыйды. Әдіс –тәсілі:сұрақ-жауап, бақылау, түсіндіру, ойын-тапсырмалары, әңгімелеу, үлгі көрсету	Маман жоспары бойынша
------------------------------------	--	---	---	--	------------------------------

